

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген іс-шаралар туралы
жылдық ақпар есебі


"1 қыркүйек-Білім күні мерекесі" атты іс шарасы болып өтті.

Жалпы орта білім беретін мектепке табалдырық аттағалы отырған мектеп бүлдіршіндерге салтанатты түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып "Әліппе" табысталды.



Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде 1 қыркүйек - Білім күні мерекесіне арналған «ОҚУ — ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» тақырыбы аясында жалпы білім беру ұйымдарында алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында барлық сыныптарда бірыңғай ұйымдастырылды.

Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде 1 қыркүйек - Білім күні мерекесіне арналған «ОҚУ — ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» тақырыбы аясында жалпы білім беру ұйымдарында алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында барлық сыныптарда бірыңғай ұйымдастырылды.



№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздіктің нұры" атты арт челленджін 5 "А" сынып оқушылары ауданымыздың басқа мектептеріне жолдады.

<https://www.facebook.com/100024523815984/posts/1095069057987211/?d=n>

№8Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде 22-қыркүйек күні тілдер мерекесі өтті.



№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектеп мұғалімдерімен оқушылар бірге ұйымдастырылған "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" атты іс-шаралар өткізілді.



Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы

Ұйымның мақсаты:

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ұйымның міндеттері:

Ұйымның міндеттері: Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.


2сыныптар «Жас қыран», 5 сыныптар «Жас ұлан» ұйымына салтанатты түрде қабылданды.

<https://www.facebook.com/100024523815984/posts/1108224890004961/?d=n>

"Тәуелсіздік - тұғырым" атты ашық тәрбие сағаты!


Мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Іс-шара 9-11 сынып оқушылары орындады, сынып жетекшілері Беккулова Гүлмира, Муаттар Адиханбаева



<https://www.facebook.com/100024523815984/posts/1108122950015155/?d=n>

Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитар дәрігерінің 20-қазан 2021 жылғы №46-шы қаулысына сәйкес "Коронавирус" инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 12-17 жастағы жасөспірімдерді вакцинацияның маңыздылығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Мұқағали Мақатаевтың 91-жасқа толуына байланысты қазақ тілі пәні бірлестігі ұйымдастырған "Ақын-сөзі жүректе әдеби сазды" атты мерекелік іс-шарасы болып өтті.

Жүргізушілер: Мархабай Асқар, Джусипбекова Жансұлу



1-наурыз алғыс айту күніне орай мектебімізде бірқатар іс-шаралар болып өтті.

Этнос жастары арасында атаулы датаға орайластырылған сурет салу байқауын ұйымдастырылды.

Этнос өкілдерінің қазақ руханиятындағы ұлы тұлғалардың туындыларын мемлекеттік тілде орындау байқауы ұйымдастырылды.

Қазақстанға күштеп жер аударылғандар туралы архив құжаттары мен тарихи фотосуреттер, әдеби шығармалар көрмесі ұйымдастырылды.

Алғыс айту-берекелі бірліктің бастауы болмақ. 1 наурыз - бұл ең алдымен ризашылық пен келісім саясатының салтанат құрған күні




Мемлекет басшысының 1 наурыз – Алғыс айту күнін мерекелеудің жана тәсілдеріне қатысты тапсырмасын (2022 жылғы 7 ақпандағы № 22-32-39.44) “Мың алғыс” челленджін орындау мақсатында ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/100024523815984/posts/1159209634906486/?d=n>

Тойбы Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде 7 наурыз күні Феруза Тажиева апайдың 6 “А” сынып оқушыларымен 8 наурыз мерекесіне “Ана деген тіршіліктің тірегі” атты тәрбие сабағын өткізді.

Оқушылар аналарды, ұстаздарды құттықтап, “Ана”, “Әже” әндерін орындап, ұлттық дәстүрімізді насихаттап көрініс көрсетіп, би шашуымен көрермендерді тәтті етті.

Тәрбие сағат оқушылардың бойына ізгілік пен сүйіспеншілікті дарытып, мазмұнды өтті.



Ата аналар жиналысы!

Мектебімізде бітіруші түлектеріміздің ата-аналары шақырылды. Жиналастың басты мәселесі 25-мамыр соңғы қоңырау кезінде заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау. Соңғы қоңыраудан кейін ойынханалар мен кафелерге бару жағдайларын болдырмау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нурлан Сапарбеков түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




№8 Т. Бегманова мектебінде 29.04.2022 күні "Я, ты, он, она - вместе целая страна!" атты іс-шара болып өтті. Мерекелік іс-шарада оқушыларымыз орыс дәстүрінде би билеп, орыс тілінде әндер айтып, сұрақтар қойып жауаптарын алды. Мерекелік кешті ұйымдастырған орыс тілі бірлестігі.




"Соңғы қоңырау" іс-шарасы болып өтті.

Іс-шара барысында түлектер өздерінің қоштасу әндерін айтып мұғалімдерге рахметін айтты. Көгершіндей қанаттарың талмай, биікке самғап ұша беріңдер! Нағыз жүрек тебіренерлік сәт те келіп жетті. 11 жыл бойы әр сабақ арасында естіп, біліп достасқан әдемі қоңырау үні бітірушілер үшін соңғы рет соғылды.





№ Т. Бегманова жалпы орта білім беретін мектебі. 1 маусым балаларды қорғау күні құтты болсын! Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сынғырлаған күлкі тілейміз. Мектебімізде жазғы лагерьде "Балдырған" және "Ақ қайың" топтары жазғы демалыстарын өткізіп жатыр.



Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер.

